

Павлодар облыстық мәслихатының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы (III сайланған II сессия) "2004-2005 жылдарға арналған облыста негізгі азық-түлік товарларына бағаларды тұрақтандырудың бағдарламасы туралы" N 173/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 21 қазандағы N 68/8 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 7 қарашада N 2785 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облыстық мәслихатының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы (III сайланған, II сессия) "2004-2005 жылдарға арналған облыста негізгі азық-түлік товарларына бағаларды тұрақтандырудың бағдарламасы туралы" N 173/2 шешіміне (облыс әділет департаментінде 2004 жылғы 19 қаңтарда 2208 нөмір арқылы тіркелген, "Звезда Прииртышья" газетінің 2004 жылғы 7 ақпандағы 16 нөмірінде, "Сарыарқа Самалы" газетінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы 12 нөмірінде жарияланған) мынадай өзгертулер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген 2004-2005 жылдарға арналған облыста негізгі азық-түлік товарларына бағаларды тұрақтандырудың бағдарламасында:

"2004-2005 жылдарға арналған облыста негізгі азық-түлік товарларына бағаларды тұрақтандырудың бағдарламасын іске асырудың 2004 жылға арналған іс-шаралар жоспарының" 7 тарауында:
реттік нөмірі 27 жолында:

"орындалуына (іске асыруына) жауаптылар" деген 4 бағандағы "облыс Ішкі істер басқармасы" деген сөздер сөздер "экономикалық және сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі департаменті (қаржы полициясы)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Орындалу (іске асыру) мерзімі" деген 5 бағанадағы "1" саны "4" санымен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар облыстық мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы А. Гуськов

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК